

Пәкістан Ислам Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 ақпандағы N 187

Пәкістан Ислам Республикасының Президенті Ф.Легаридің Қазақстан Республикасына 1996 жылғы қазандағы ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-пәкістан ынтымақтастығының одан әрі дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Пәкістан Ислам Республикасының Президенті Ф.Легаридің Қазақстан Республикасына 1996 жылғы қазандағы ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 10 ақпандағы
N 187 қаулысымен
бекітілген

Пәкістан Ислам Республикасының Президенті Ф.Легаридің
Қазақстан Республикасына 1996 жылғы қазандағы ресми
сапары барысында ол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге
асыру жөніндегі іс-шаралар

ЖОСПАРЫ

N p/c	Іс-шаралар	Мазмұны
1	2	3

Мынадай екіжақты құжаттар пысықталсын:

- 1 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісім Сарапшылардың келіссөздерін өткізу
- 2 Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісім Сарапшылардың келіссөздерін өткізу
- 3 Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі мен Пәкістан Ислам Республикасының Ғарышты зерттеу жөніндегі комиссиясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім Бұл да сол
- 4 Пәкістандық компанияларға жеңіл өнеркәсіп, кондитерлік бұйым өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, фармакология саласында бірлескен кәсіпорындарды құруда жәрдем көрсету Сарапшылармен келіссөздер, кездесулер, өзара алмасулар өткізу
- 5 Мұнай және тау-кен компанияларының тапсырыстары бойынша Пәкістанда геофизикалық, бұрғылау және басқа да геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің, сондай-ақ Пәкістанның Қазақстан Республикасындағы пайдалы қазбаларды бірлесіп өндіру жөніндегі жобаларды, мұнай және газды қайта өңдеу және тасымалдауды инвестициялау мүмкіндігін қосымша пысықтау Пәкістан жағына ұсыныстар енгізу
- 6 Ауыл шаруашылығы үшін гендік Пәкістан жағымен

биотехнология, композиттік материалдар пысықтау
өндірудің қазіргі заманғы
технологияларын жасау саласындағы
ынтымақтастықты жолға қоюдың
мүмкіндігін айқындау

- 7 Екі елдің әскери ведомстволары Сарапшылардың
арасындағы байланыстарды, келіссөздерін,
әскери-техникалық ынтымақтастықты, кездесулерін өткізу
соның ішінде ӘӨК кәсіпорындарын
конверциялау саласындағы
ынтымақтастықты жолға қою жөніндегі
жұмыстарды ұйымдастыру
- 8 Қазақстандық мамандардың Пәкістанда Пәкістан жағына
кіші және орташа энергетикалық ұсыныстар енгізу
объектілерді салу мәселесін пысықтауды
жалғастыру
- 9 Пәкістан Ислам Республикасында Пәкістан жағымен
қазақстандық студенттерді оқыту, жеңіл пысықтау
және тағам өнеркәсібі, қаржы-банк
саласы мамандарының тағылымдамасын
ұйымдастыру мүмкіндігін айқындау
- 10 Қазақстан Республикасының Ғылыммині- Жобаларды келісу
Ғылым академиясы мен Пәкістан Ислам және алмасу, бірлескен
Республикасының Ғылым және жобаларды жүзеге
технологиялар министрлігі арасындағы асыру
ынтымақтастық туралы қол қойылған
Ниеттер хаттамасы шеңберінде қол жеткен
уағдаластықтарды жүзеге асыру.
Бірлескен ғылыми зерттеулердің,
сондай-ақ жоғары білікті кадрларды
даярлау жөніндегі бағдарламаларды
әзірлеу
- 11 Алматыдан пәкістандық тауарлардың Пәкістан жағымен
көрмесін өткізу бірлесіп ұйымдастыру

мәселелерін шешу

12 Пәкістан Ислам Республикасында Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасында Пәкістан Ислам Республикасының Мәдениет күндерін өткізу Мерзімдерді келісу, ұйымдастыру мәселелерін шешу; тиісті өзара түсіністік меморандумына қол қою

Атқару мерзімі | Атқару үшін жауаптылар | Бақылау үшін жауаптылар

4 | 5 | 6

1997 жылдың I тоқсаны Сыртқыісмині, Инвестмемком, Әділетмині Сыртқы байланыстар және хаттама, қаржы және әлеуметтік реформалар бөлімі

1997 жылдың I тоқсаны Жастартурспортмині, Әділетмині бөлімі

1997 жылдың I жарты жылдығы ҰАҒА Кәсіпорындарды реформалау бөлімі

Тұрақты түрде Өнеркәсіпсаудамині, Ауылшармині, Денсаулықмині Кәсіпорындарды реформалау, аграрлық сектордағы реформалар бөлімдері

1997 жылдың I жарты жылдығы Мұнайгазмині, Геологиямині Кәсіпорындарды реформалау бөлімі

1997 жылдың I тоқсаны Ғылыммині - Ғылым академиясы, Ауылшармині Ғылым Кәсіпорындарды реформалау, аграрлық сектордағы реформалар бөлімдері

1997 жылдың I жарты жылдығы Қорғанысмині, Қорғаныс және құқық жөніндегі комитет, Сыртқыісмині

1997 жылдың Энергиямині Кәсіпорындарды реформалау

I тоқсаны бөлімі

1997 жылдың Біліммині, Әлеуметтік-мәдени даму
I жарты жылдығы Өнеркәсіпсаудамині, бөлімі
Қаржымині, Ұлттық
Банк

1997 жылдың Ғылыммині - Ғылым Кәсіпорындарды реформалау
II тоқсаны академиясы бөлімі

1997 жылдың Сауда-өнеркәсіп Сыртқы байланыстар және
мамыры палатасы хаттама бөлімі

1997 жылдың Мәдениетмині, Бұл да
II жарты Сыртқыісмині
жылдығы